«12» мамыр 2013 ж.
ҚБ құрылтайшыларының
хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
протоколом
учредителей ОО
«12» мая 2013 г.

«МЕЙІРІМДІ ЕЛ» МҮГЕДЕКТЕРІНІҢ ҚОҒАМЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ «ОБЩЕСТВО ИНВАЛИДОВ «МЕЙІРІМДІ ЕЛ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ
2013 ж. «23» 08
№ 13900-1907-ҚБ куәлік

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі
Алматы облыстық Әділет
департаменті
Заңды тұлғаға мемлекеттік
тіркеу жүргізілді
2013 ж. «23» 08
БСН 130840016704

Алматы – 2013 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «МЕЙІРІМДІ ЕЛ» мүгедектерінің қоғамы» Қоғамдық бірлестігі (бұдан ары Қоғам) қоғам мүшелікке (қатысуға) негізделген, мүшелерінің (қатысушылардың) тең құқылығы, өзін-өзі басқаруы, заңдылық, есеп беру және жариялықтың негізінде ортақ мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін азаматтардың ерікті бірлесуінің нәтижесінде құрылған, қоғамдық бірлестік үлгісіндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2. Қоғамның толық атауы:

қазақ тілінде – **«МЕЙІРІМДІ ЕЛ» мүгедектерінің қоғамы» қоғамдық бірлестігі**;

орыс тілінде - **Общественное объединение «общество инвалидов «МЕЙІРІМДІ ЕЛ».**

Қоғамның қысқарған атауы:

қазақ тілінде – **«МЕЙІРІМДІ ЕЛ» мүгедектерінің қоғамы» ҚБ**;

орыс тілінде - **ОО «общество инвалидов «МЕЙІРІМДІ ЕЛ».**

1.3. Қоғам оны мемлекеттік тіркеген сәтінен бастап заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда Қоғамның органдарымен ұсынылған, дербес балансқа, банктік шоттарға, өз атауы бар дөңгелек мөрге және мөртаңбаларға, фирмалық бланктерге, эмблемаға, туға ие.

1.4. Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына және оның қызметіне қатысты басқа да заңнамалық актілерге, ал халықаралық қатынастар саласында - халықаралық құқық нормаларына сәйкес еріктілік, мүшелерінің тең құқылығы, өзін-өзі басқару, есеп беру, заңдылық, және жариялықтың негізінде әрекет етеді.

1.5. **Қоғамның орналасу орны:** Қазақстан Республикасы, 040429, Алматы облысы, Енбекшіқазақ ауданы, Кайназар ауылы, Алматинская көшесі, 25.

1.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектеусіз.

1.7. Қоғам коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қоғам кәсіпкерлік қызметті бұл жарғылық мақсаттарына қаншалықты қажет болғанына қарай жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік қызмет ҚР заңына сәйкес жүзеге асады. Кәсіпкерлік қызметтен алған табысқа ҚР заңына сәйкес салық салынады. Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс Қоғамның мүшелерінің арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттар үшін немесе қайырымдылық қызметке пайдаланылуы керек.

1.8. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар иемденуге және жүзеге асыруға, сотта талапкер және жауап беруші болуға құқылы.

1.9. Қоғам өз міндеттемелері бойынша, қолданыстағы заңға сәйкес өндіріп алуға жатқызылуы мүмкін өзіне тиесілі мүлкінің шегінде жауап береді. Қоғам өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Қоғамның мүшелері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.10. Қоғам өзінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарымен, мемлекеттік органдармен, оның ішінде құқық қорғау, мемлекеттік жергілікті билік органдарымен, ғылыми-зерттеу, жобалық, өндірістік бірлестіктермен, шығармашылық ұжымдармен, халықаралық ұйымдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, қорлармен, компаниялардың өкілдерімен тығыз әріптестікте жүзеге асырады.

1.11. Қоғам мүгедек спортсмендарға көмек беру үшін және олардың әр түрлі жарыстарға қатысу үшін белгіленген тәртіпте халықаралық қоғамдық (үкіметтік емес) бірлестіктерге қатыса, тікелей халықаралық қатынастар мен байланыстарды ұстана алады. Қоғам жергілікті қоғамдық бірлестіктің мәртебесіне ие және Алматы облысы аумағында әрекет етеді.

2. ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

2.1. Бірлестіктің қызметінің нысаны және мақсаттары болып табылады:

• қолданыстағы заңмен көзделген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің банктік мекемелерінде кез-келген валютада банктік шоттарды ашуға;
• белгіленген тәртіпте тіркелген мөрді, өз атауы бар мөртаңбаларды және басқа да реквизиттерді пайдалануға;
• Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін әртүрлі инвестицияларды, ерікті жарналарды және қайырымдылық қаражаттарын тартуға;
• баспагерлік, полиграфиялық және жарнама қызметін жүзеге асыруға;
• «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдармен және қоғамдық бірлестіктердің қызметін реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді толық көлемде жүзеге асыруға;
• Қазақстан Республикасының заңына қарама-қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға.

3.2. Қоғам міндетті:

• Қазақстан Республикасының заңын, сондай-ақ Жарғымен көзделген нормаларды сақтауға;
• өз мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
• өз мүшелерін түсімдер мен ақша қаражаттарының жұмсалуы туралы хабардар етуге;
• тіркеуші органды тұрақты әрекет ететін басқару органы мен басқа да басшыларының орналасу орнының өзгергені туралы, бірегей мемлекеттік тізімге енгізетін мәліметтердің көлемінде хабардар етуге.

4.БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІК

4.1. Қазақстан Республиқаныныңазаматтары, осы Жарғыны мойындайтын, Қоғамның қызметіне қолынан келгенінше қатысатын және мүшелік жарналарды төлейтін тұлғалар Қоғамның мүшелері бола алады.
4.2. Қоғамға мүшелік Басқарма Төрағасының атына өтініш беру жолымен ресімделеді. Өтініш Басқарма Төрағасына тікелей не филиалдар мен өкілдіктердің Төрағалары арқылы беріледі. Өтінішке Қоғамға мүшелікке үміткердің мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі қосымша тіркеледі. Қоғамға кірушінің көрсеткен деректерінің ресми көздермен расталмауы Қоғамға мүшелікке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.
4.3. Қоғамға кіру және басқа да жарналарын енгізудің көлемі және тәртібі Қоғамның Басқармасымен белгіленеді.
4.4. **Қоғамның мүшесінің құқығы бар:**

• жиналыстарда Қоғамның қызметінің барлық мәселелерін еркін талқылауға, ұсыныстарды енгізуге, Қоғамның Мәжілісі шешімді қабылдағанға дейін өзінің пікірін ашық білдіруге және оны қорғауға;
• Қоғамның басқарушы органдарына өз құқықтарына көмектесуі мен қолдауын сұрап өтініш беруге, сондай-ақ өзінің заңды мүдделерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін нақты көмек алуға;
• егер олардың қызметі Қоғамның жарғылық мақсаттарына қайшы келмесе, басқа тіркелген бірлестіктердің (саяси партияны қоса алғанда) қызметіне қатысуға;
• осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес басқа да құқықтарға ие болуға.
• Қоғамның басқару органдарының не тексеру комиссиясының құрамын сайлауға және сайлануға;

- Қоғамның есеп беруімен танысуға. Құжаттамамен танысудың тәртібі және мерзімі Басқармамен бекітіледі;
- өз өтініші бойынша Қоғамға мүшелігін тоқтатуға. Мүшелік өтінішті берген сәттен бастап тоқтатылады.

4.5. **Қоғамның мүшесі міндетті:**

- осы Жарғының және Қазақстан Республикасы заңының талаптарын сақтауға, Қоғамның басқару органдарының шешімдерін орындауға;
- Қоғамның жарғылық мақсаттарын насихаттауға, сондай-ақ Қоғаммен жүргізілетін міндетті іс-шараларға қатысуға;
- кіру жарналары мен басқа да жарналарды уақытында төлеуге;
- Қоғамның беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді жасамауға;
- Қоғамның жарғылық мақсаттарына жетуіне қатысуға;
- Қоғамға қатысты белгіленген тәртіпте өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға;

4.6. **Қоғамның мүшелігінен шығуға келесі жағдайларда жол беріледі:**

- Қоғамның Басқарма Төрағасының атына берілген жазбаша өтінішінің негізінде оның мүшесінің жеке бастамасы бойынша;
- Қоғаммен байланысын жоғалтуы (дәлелді себептерсіз жалпы жиналыстарға үш рет қатарынан қатыспауы);
- дәлелді себептерсіз үш рет қатарынан жарналарды төлемеуі;
- Қоғамның Жарғысы мен Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңын бұзуы;
- Қоғамның меншігі болып табылатын құпия ақпаратты жария ету;
- Қоғамның мүшесінің оның және/немесе Қоғамның беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді жасауы.

Қоғамның мүшелігінен шығару Қоғамның Басқармасының жақын арада болатын отырысында жүзеге асады.

4.7. Қоғамға мүшелігін тоқтатқан жағдайда, төленген жарналары қайтарылмайды.

4.8. Қоғамның жарғылық мақсаттарына жетуіне белсенді түрде көмек көрсететін тұлғаға, Басқарманың шешімі бойынша Қоғамның Құрметті мүшесі атағы берілуі мүмкін. Бұл атақтан айыру, Қоғамның мүшесі осы Жарғының талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда Қоғамның Басқармасының шешімі бойынша жүргізіледі.

4.9. Қоғамдық бірлестік қызметі туралы ақпарат «Заң газеті», «Президент және Халық», «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланады.

4.10.

5. БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ

5.1. **Қоғамның басқару органдары болып табылады:**

- Қоғамның мүшелерінің Мәжілісі - жоғары басқару органы;
- Басқарма – атқару органы;
- Тексеру комиссиясы – бақылау органы.

Басқармамен бірге, кеңесуші-кеңес беруші орган ретінде Қамқоршылық кеңесі құрылуы және қызмет атқаруы мүмкін. Қажет болған кезде Қоғам басқа да органдарды құруы мүмкін.

5.2.**Қоғамның мүшелерінің мәжілісі.** Мәжілістің ерекше құзыретіне енетіндер:

1) Бірлестіктің қызметінің негізгі бағыттарын анықтау;

2) Бірлестіктің Жарғысын өзгерту, сонымен бірге орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе Бірлестіктің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

3) Бірлестіктің Басқармасы мен Тексеру комиссиясын сайлау, осы органдардың санын анықтау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

4) Бірлестіктің аудиторын тарту және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Бірлестіктің аудиторының есептері мен қорытындыларын бекіту;
5) Бірлестіктің құрылтайшы құжаттарына сәйкес жылдық қаржылық есеп беруді бекіту және таза табысты бөлу;
6) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдері мен Бірлестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;
7) Бірлестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;
8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
9) Бірлестіктің басқа да заңды тұлғаларды құру немесе олардың жұмысына қатысуы туралы шешім қабылдау;
10) өкілдіктер мен филиалдарды құру және тарату.

Мәжіліс осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңын басшылыққа ала отырып Қоғамның тіршілігі мен қызметінің кез-келген басқа да мәселелерін өз қалауы бойынша шешуге құқылы.

Мәжіліс 3 жылда бір реттен кем болмайтындай жиналады және, отырыста Қоғам солардың аумағында қызмет атқаратын облыстардың жартысынан астамының өкілдері қатысып отырса құқықты болып табылады. Оның өткізілетін күні, орны және уақыты және күн тәртібі туралы Бірлестіктің Басқармасы Бірлестіктің мүшелеріне Мәжілісті өткізуге екі апта қалғаннан кешіктірмей хабарлайды. Мәжілісте, филиалдардың Төрағаларымен қатар, Қоғамның облыстардағы, Алматы және Астана қ. филиалдарының мүшелерінің жиналыстарымен сайланатын делегаттар да қатысады. Делегаттардың саны Басқарманың шешімімен анықталады. Мәжілістің шешімі хаттамалармен ресімделеді, оларға әр отырыста қатысушылардың ашық түрде жай дауыс беруімен сайланатын Мәжілістің Төрағасы және Хатшысы қолдарын қояды. Шешімді қабылдау үшін, оған Мәжіліске қатысу үшін тіркелген делегаттардың 2/3 астамы дауыс беруі қажет.

Мәжілісті бейне немесе аудио-конференцияны өткізу жолымен, Мәжілістің барысын міндетті түрде бейне немесе аудио-жазба арқылы өткізуге рұқсат беріледі. Мәжілісті бейне немесе аудио-конференция арқылы өткізу кезінде дауыс беру әр делегатқа атаулы сауал берумен жүргізіледі.

Мәжілісті жазбаша сауал жолымен өткізуге рұқсат беріледі, бұл жағдайда шешімнің жобасы немесе дауыс беруге арналған мәселелер Басқарманың Төрағасымен барлық филиалдардың басшыларына жіберіледі, олар бұл бойынша өз шешімдерін жазбаша хабарлауы керек. Шешім Қоғамның филиалдары мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданады. Шешім филиалдардың жиналыстарының хаттамаларымен ресімделеді, филиалдың Төрағасының қолы қойылып және филиалдың мөрі басылуы, қоғамның Басқармасына алған сәтінен бастап 20 тәуліктің ішінде қайтарылуы керек. Есептеу комиссиясы Басқармамен үш адамнан кем болмайтын құрамда тағайындалады. Қабылданған шешім туралы Қоғамның мүшелері сауал басталған сәттен бастап 40 күннің ішінде хабардар болуы керек. Сауал әдісімен жүргізілген шешім, егер қабылданатын шешімнің мәні бойынша Қоғамның мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Егер шешім филиалмен қабылданбаса және қойылған мәселелер бойынша құжаттар қоғамның Басқармасының мекен-жайына келіп түспесе, онда, бұл филиалдың делегаттары Мәжіліске қатыспаған болып саналады.

Мәжілісті кезектен тыс шақыру Басқарманың, Басқарманың Төрағасының, Тексеру комиссиясының шешімі бойынша немесе Қоғам солардың аумағында қызмет атқаратын облыстардың жартысынан астамының бастамасы бойынша шақырыла алады. Мәжілістің кезекті отырыстарын ұйымдастыру мен өткізуді Басқарманың Төрағасы жүзеге асырады.

5.3.**Қоғамның Басқармасы.**

5.3.1. Басқарма, Мәжілістің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Мәжілістің отырыстарының арасындағы кезеңде Қоғамның қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

5.3.2.Басқарманың құрамына Мәжіліспен сайланатын Басқарманың Төрағасы, Басқарманың Төрағасының екі орынбасары, Басқарманың екі мүшесі енеді.

5.3.3.**Басқарманың ерекше құзыретіне жататындар:**

- өкілдіктер мен филиалдар туралы Ережелерді бекіту;
- құрылымдық бөлімшелердің жылдық есеп беруін бекіту;
- Қоғамның қызметі туралы жылдық есеп беруді бекіту;
- Басқарма мүшелерінің және Тексеру комиссиясы мүшелерінің еңбекақы төлемінің көлемі мен тәртібін бекіту;
- мүшелік жарналардың көлемі мен енгізу тәртібін бекіту;
- коммерциялық құпияны құрайтын немесе құпия ақпарат болып табылатын мәліметтердің тізімін анықтау;
- Қоғамның мүшелігіне қабылдау және Қоғамның мүшелігінен шығару.

5.3.4.Басқарма, Мәжілістің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне қатысты кез-келген басқа да мәселелерді қарастыра алады.

5.3.5.Басқарманың отырыстары жылына бір реттен кем болмайтындай өткізіледі. Басқарма, егер отырысында Басқарманың тізімдік құрамының жартысынан астамы қатысып отырса шешімді қабылдауға құқылы. Шешім ашық дауыс берумен жай көпшілік дауыстармен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Басқарманың шешімдері хаттамалармен ресімделіп, Басқарманың Төрағасы және ашық дауыс берумен жай көпшілік дауыстармен сайланатын Басқарманың Хатшысы қолдарын қояды.

5.4..**Қоғамның Басқарма Төрағасы:**

5.4.1.Осы Жарғыға және қолданыстағы заңға сәйкес Қоғамның жұмысын ұйымдастырады және оның барлық жедел қызметіне басшылық жасайды.

5.4.2.. Барлық мемлекеттік, жеке және қоғамдық, оның ішінде шетелдік те ұйымдарда Қоғамның мүдделерін ұсынады, өзінің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларымен, отандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалармен Қоғамның қызметінің барлық мәселелері бойынша келісім-шарттарды жасасады, құрылымдық бөлімшелердің ішкі құжаттарын оған ерекше сенімхатсыз бекітеді.

5.4.3.Қоғамның және құрылымдық бөлімшелердің лауазымды тұлғалары мен жалдамалы жұмысшыларының штаттарын, санын, еңбекақы төлеудің көлемі мен түрін, функционалдық міндеттерін бекітеді, Қоғамның шығыс және кіріс құжаттарына, басқа да бухгалтерлік құжаттарына қол қояды, құрылымдық бөлімшелер мен Қоғаммен ұйымдастырылатын кәсіпорындардың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және басшыларын тағайындайды.

5.4.4..Қоғамның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті, кез-келген басқа да әрекеттерді өз құзыретінің шегінде жасайды.

5.4.5.Тікелей Мәжіліске бағынады және оған есеп береді.

5.4.6.Өз өкілеттіктерінің бір бөлігін функционалдық міндеттерді орынбасарлары мен Қоғамның атқарушы органдарының басқа да қызметкерлерінің арасында бөлуге сәйкес сеніп тапсыруы мүмкін.

5.5.**Төрағаның орынбасарлары** өздерінің қызметін Басқарманың Төрағасы бекітетін функционалдық міндеттермен лауазымдық нұсқауларға сәйкес жүзеге асырады.

5.6.Басқарманың мүшелері барлық қабылданатын шешімдер үшін өз құзыретінің шегінде қолданыстағы заңға сәйкес жауапкершілік атқарады.

5.7.Қақтығыс орын алған жағдайда даулы мәселе Басқарманың отырысына енгізіледі және ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыстармен шешіледі.

5.8..**Тексеру комиссиясы** Қоғамның мүшелерінің арасынан сайланады немесе Қоғамның мүшелерінің Мәжілісімен кәсіби мамандардың арасынан тағайындалады, ол бұлардың сандық құрамын, сыйақы берудің көлемін, жұмысының тәртібі мен мерзімін анықтайды.

Тексерулер тексеру комиссиясымен жылына бір реттен кем болмайтындай жүзеге асады. Кезектен тыс тексерулер Мәжілістің тапсырмасы бойынша, Басқарманың шешімі бойынша, жеке бастамасы бойынша немесе Қоғам солардың аумағында қызмет атқаратын облыстардың жартысынан астамының талабы бойынша жүргізіледі.

Тексеру комиссиясы Қоғамның барлық мүлкіне, жүргізілген жұмыстарға, сондай-ақ барлық шығындар мен табыстарға бақылау мен тексеруді жүзеге асырады. Басқарма, барлық қатысушылар және Қоғамның атқарушы қызметкерлері тексеру жұмысына барлық көмекті көрсетуге міндетті.

Қоғам қаржылық есеп беруді тексеру және дұрыстығын бекіту үшіг Қоғаммен немесе оның қатысушыларымен мүлікпен мүдделермен байланыспаған кәсіби аудиторды тартуы мүмкін (сыртқы аудит), бұл туралы, сондай-ақ жұмысын ұйымдастыру мен төленетін ақының көлемі туралы да шешімді Мәжіліс не Басқарманың Төрағасы қабылдайды.

Қоғамның қызметіне және жұмысының жекелеген бөліктеріне аудиторлық тексерулерді жүргізудің тәртібі осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен анықталады.

5.9.Қоғам мен басқа заңды және жеке тұлғалардың арасындағы, сондай-ақ Қоғамның өз ішіндегі де барлық даулар қолданыстағы заңға сәйкес шешіледі.

6. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН БАСҚА ДА МҮЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КӨЗДЕРІ

6.1.Қоғамның мүлкі ақшалар, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, сонымен бірге зияткерлік меншік және басқа да мүліктер болуы мүмкін.

6.2.Қоғамның мүлкі ерікті жарналар мен қайырымдылық қаражаттарынан, мүшелік жарналардан, осы Жарғыға сәйкес дәрістерді, спорттық және басқа да іс-шараларды, өткізуден түскен түсімдерден, заңдық актілермен тыйым салынбаған басқа да түсімдерден құралады.

6.3.Мүшелік жарналардың көлемі және енгізу тәртібі Қоғамның мүшелерінің Мәжілісімен анықталады.

6.4.Қоғам сатып алған немесе өндірген, оның балансында есепте тұрған барлық жылжымалы және жылжымайтын мүліктің меншік иесі болып табылады. Қоғамның мүлкін негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттар, сондай-ақ құны Қоғамның дербес балансында көрсетілетен басқа да құндылықтар мен мүлік құрайды.

6.5.Қоғамның мүлкін пайдалану және басқару құқығын тек оның қатысушылары ғана Қоғамның атқару органдары арқылы осы Жарғыға және қолданыстағы заңға сәйкес жүзеге асырады.

6.6.Қоғам осы Жарғыға және қолданыстағы заңға сәйкес бірлескен қызметті жүргізу үшін өзінің қаражаттары мен ресурстарын толық немесе жартылай басқа отандық және шет елдік заңды және жеке тұлғалардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың қаражаттарымен біріктіре алады.

6.7.Қоғам меншік мүлкін оның бағытына және осы Жарғымен көзделген мақсаттарға сәйкес пайдаланады және онымен, қолданыстағы заңмен тыйым салынбаған кез-келген басқа да әрекеттерді жасай алады.

6.8.Қоғамның пайдасы оның шаруашылық, өндірістік және басқа да қызметінен құрылады және тек жарғылық мақсаттарға ғана пайдаланады.

6.9.Қоғамның мүшелерінің Қоғаммен берілген мүлікке құқығы жоқ.

7. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

7.1.Қоғамның қызметін тоқтату Мәжілістің шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша оны қайта құру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

7.2.Қоғамды қайта құрған кезде оның мүлкі, сондай-ақ барлық құқықтары мен міндеттері оның құқықтық мұрагерлеріне ауысады.

7.3.Қоғамды қайта құру бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу не қайтадан құрылу жолымен жүзеге асады. Қоғам жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеген сәттен бастап қайта құрылған болып саналады. Қоғамға басқа тұлғаны қосу арқылы қайта құрған кезде Қоғам қосылған заңды тұлғаның қызметінің тоқталғаны туралы деректерді мемлекеттік тізімге енгізген сәттен бастап қайта құрылған болып саналады.

7.4.Қоғамды тарату Мәжіліспен тағайындалған Тарату комиссиясымен, ал Қоғамның қызметін соттың шешімі бойынша тоқтатқан жағдайда – сотпен тағайындалатын Тарату комиссиясымен жүргізіледі.

7.5.Қоғамның меншігі болып табылатын мүлкі, тарату кезінде Мәжілістің шешімі бойынша осы Жарғымен көзделген мақсаттарға пайдаланылады, ал қайта құру кезінде мүлкі құқықтық мұрагеріне беріледі.

7.6.Бұл туралы жазбаны заңды Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлтттық тізіліміне енгізген сәттен бастап тарату аяқталған, ал Қоғам өзінің қызметін тоқтатқан болып саналады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1.Осы Жарғы оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

8.2.Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Мәжілістің шешімімен енгізіледі және Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеуге жатады.

8.3.Қоғамда еңбек келісім-шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғаларға еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы заң қолданылады.

8.4.Осы Жарғымен көзделмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңын басшылыққа алу керек.

Басқарма Төрағасы **Елибакиев М.М.**

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Общественное объединение «Общество инвалидов «МЕЙІРІМДІ ЕЛ» (далее Общество) является некоммерческой организацией, основанной на членстве (участии), в форме общественного объединения, созданного в результате добровольного объединения граждан для достижения общих целей и задач на основе равноправия его членов (участников), самоуправления, законности, отчетности и гласности.

1.2. **Полное наименование Общества:**

на казахском языке – **«МЕЙІРІМДІ ЕЛ» мүгедектерінің қоғамы» Қоғамдық бірлестік**

на русском языке - **Общественное объединение «общество инвалидов «МЕЙІРІМДІ ЕЛ».**

Сокращенное наименование Общества:

на казахском языке – **«МЕЙІРІМДІ ЕЛ» мүгедектерінің қоғамы» ҚБ**

на русском языке - **ОО «общество инвалидов «МЕЙРІМДІ ЕЛ».**

1.3. Общество, является юридическим лицом с момента его государственной регистрации, в гражданском обороте представлен органами Общества, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, круглую печать и штампы со своим наименованием, фирменные бланки, эмблему, флаг.

1.4. Общество действует на основе добровольности, равноправия членов, самоуправления, отчетности, законности и гласности в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об общественных объединениях», Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и другими законодательными актами, относящимися к его деятельности, а в области международных отношений - нормами международного права.

1.5. **Место нахождения Общества:** Республика Казахстан, 040429, Алматинская область, Енбекшиказахский район, село Кайназар, улица Алматинская, 25.

1.6. Срок деятельности Общества не ограничен.

1.7. Общество является некоммерческой организацией. Общество может осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей. Предпринимательская деятельность осуществляется в соответствии с законодательством РК. Полученный доход от предпринимательской деятельности подлежит налогообложению в соответствии с законодательством РК. Доход от предпринимательской деятельности не может перераспределяться между членами Общества и должен использоваться для достижения уставных целей или на благотворительную деятельность.

1.8. Общество вправе от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, быть истцом и ответчиком в суде.

1.9. Общество отвечает по своим обязательствам, принадлежащим ему имуществом, на которое по действующему законодательству может быть обращено взыскание. Общество не отвечает по обязательствам своих членов, члены Общества не отвечают по обязательствам Общества.

1.10. Общество осуществляет свою деятельность в тесном сотрудничестве со средствами массовой информации, государственными органами, в том числе правоохранительными, местными органами государственной власти, научно-исследовательскими, проектными, производственными объединениями, творческими коллективами, международными организациями, неправительственными организациями, фондами, представительствами компаний.

1.11. Общество может вступать в установленном порядке в диалоги с международными общественными (неправительственными) объединениями, поддерживать прямые международные контакты и связи для помощи инвалидам - спортсменам и участия их на различных соревнованиях. Общество имеет статус местного общественного объединения и действует на зарегистрированной территории. И представляют интересы своих членов на Алматинской области.

2. ЦЕЛИ, ПРЕДМЕТ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

2.1. Предметом и целями деятельности Объединения являются:
оказание членам Общества всесторонней помощи, привлечение людей с ограниченными возможностями к участию в посильной трудовой деятельности и участия в спортивной жизни в Республике Казахстан и за его пределами.

2.2. Для достижения основной цели Объединение осуществляет следующие предметы деятельности:

- разработка и реализация программы развития шахмат, тоғызқұмалақ и других видов спорта для инвалидов в Республике Казахстан;
- представляет интересы инвалидов - спортсменов в международных организациях различного вида спорта;
- оказывает моральную, материальную, психологическу членов Общественного объединения ивалидов и информационную помощь членам Общества;
- привлекает членов Общества для проведения общественной, культурно-просветительской работы, способствует развитию профессиональных и личностных интересов;
- отстаивает социальные и гражданские права своих членов, в том числе и в судах;
- организует акции милосердия и благотворительности, проводит лекции, спортивные и иные мероприятия;
- участвует в решении проблем инвалидов и лиц, нуждающихся в психологической помощи, социальной реабилитации и адаптации, правовой защите.
- Создавать организационную структуру общества и создает структурные подразделения (филиалы, и представительства) в Алматинской области для инвалидов и предстовлять их интересы;
- Филиалы имеют печать самостоятельный баланс и счет в банке;

Деятельность, для которой необходимо специальное разрешение (лицензия) осуществляется после получения такового.

3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОБЪЕДИНЕНИЯ

3.1. Общество имеет право:

- распространять информацию о своей деятельности;
- публиковать материалы в средствах массовой информации, учреждение собственных средств массовой информации, в том числе научных, информационно-аналитических журналов, информационных бюллетеней и отдельных изданий;
- организовывать практические занятия, семинары, тренинги, круглые столы, конференции, викторины, конкурсы, программы в СМИ для инвалидов;
- организовывать и проводить тренировочные мероприятия для инвалидов;
- участвовать в работе семинаров, конференций, круглых столов, в том числе международных;
- сотрудничать с государственными органами и международными организациями, заключая с ними соглашения, выполнять для них по договорам определенные работы, предусмотренные законодательством;
- представлять и защищать права и законные интересы своих членов в судах и других государственных органах;
